

Махаббат



шуағы

- ◎ **Махаббат** — адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі.
- ◎ Батыстық философия тарихында Эмпедокл өзінің ілімінде **махаббат** - бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш деп білді.
- ◎ Платон оны **сезімдік** және **рухани** махаббат деп екіге бөліп қарастырды.
- ◎ Сезімдік махаббат — сұлулыққа сұқтанатын махаббаттың төменгі сатысы, ал **рухани махаббат** — адамның белсенді танымдық қызметінің қайнар бұлағы деп қарады.



О, махаббат!

О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?
Көзімнен ғайып болған күнім едің!
Гүлім едің,
Елтіген түнім едің.
О, махаббат сен әлі тірі ме едің?!
Мен сені ұмытқанмын
Жылытқаның есте жоқ, суытқаның,
Суып қаным,
Жинағам құрып хәлім.
Құлаған отауымның уықтарын,
Содан бері мен сені ұмытқанмын.
О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?
Тірі болсаң, мен де енді тірілемін
Ақ періште алдына жүгінемін,
Қолдай гөр, ғашықтардың пірі мені!

Мұқағали

Мақатаев

Қос аққу пәк махаббат

СИМВОЛЫ



“Қыз Жібек” қазақ халқының лиро-эпостық жырларының бірі. Бұл жырдың кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Сонымен қатар “Қыз Жібек” фильмінде басты рөлдерді сомдаған **Құман Тастанбеков** пен **Бибігүл Өтекешова** өмірде де қазақ халқының ғашықтық символына айналғандай...



Қазақтың лиро-эпостық жырлары

Қыз Жібек - қазақ халқының жыры, қазақтың ең көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастандарының ішіндегі ең көркемі. «Қыз Жібек» жыры - аңыз емес, тарихи оқиға, кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жырдың негізгі кейіпкерлері - Төлеген мен Жібек бірін-бірі шын сүйген ғашықтар, бірақ әке батасынан аттап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры талай жанарларға жас үйірілтпей қоймайды. Жібек бейнесі - сұлулық пен әсемдіктің символы, қазақ халқының мақтанышы, рухани ескерткіш.

Қозы Көрпеш - Баян Сұлу – қазақ халқының лиро-эпостық жыры.

13 – 14-ғасырлардан бастап жырланып, қазақ арасына кең тараған. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулай жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Әрі қарай қос ғашық Қозы мен Баян, қара күш иесі Қодар, дүниеқоңыз Қарабай арасындағы шиеленіскен оқиғалар негізінде зұлымдық пен махаббат күресі баяндалып, Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады.

«Еңлік-Кебек» – екі жастың махаббатын жыр ететін шығарма. Еңлік пен Кебек туралы хикаялар оқиға болған 18 ғасырдан бастап ел арасына кең тараған. Алғашқы жазба дерек 1892 жылы «Дала уалаяты» газетінің отыз бірінші және отыз тоғызыншы сандарында жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген мақалада келтіріледі. Бүгінгі күнде жыр түрінде жеткен «Еңлік – Кебек» дастанының екі нұсқасы белгілі.



Әзілхан Нұршайықовтың **“Махаббат қызық мол жылдар”** романынан үзінді



Махаббат өзенге емес, көлге емес, тек қана теңізге теңестіруге болады. Теңіз сияқты бетінде тулаған толқындар жүреді, түбінде ғажайып сырлы тереңдік жатады. Адамның жыныстық соқыр сезімінен туған сусыма жүрик тілек толқынға ұқсас, шын санадан шыққан жан тебіrentтер жақсы мұрат, асыл арман тізбегі махаббатын тереңдігін танытады. "Бір көргеннен ғашық болу" деген сөз сол толқын іспеттес, ол тән құмарлығынан туған, жалт етпе сезім ғана. Алғашқы лап еткен сәтте оның көрінуіде ықтимал. Бірақ бұған қарап таңдануға болмайды. Тән құмарлығы алдамшы, өткінші, тұрақсыз сезім. Онда шынайы махаббатқа лайық тереңдік жоқ. "Бір көргеннен ғашық болдым" дегеннің өзі ақ сол сезімнің таяздығын танытады, көре сала соны құшуға құмартқан жүгенсіз, ұшқыр тілекті көрсетеді. Теңізді бірінші рет көрген адам оның суының ащы немесе тұщы екенін, астында не барын білмейді. мұны теңізге түсіп көріп, түбіне талай сүнгіген адам ғана айта алады. Сол сияқты бір көргеннен адамның бойындағы барлық адамгершілік қасиетін аңғаруға болмайды.

МАХАББАТ...ҰЛЫЛАР СӨЗІМЕН...

*Махаббаттың оянғанын жігіттің жасқаншақтылығынан,
қыздың батылдануынан байқауға болады.*

М.Ф.Вольтер

*Махаббатың мың түрлі құпиясы бар, жүрек оны жан
шыққанша жасырар.*

Р.Хорезми

*Өз сүйгеніңе адал, айнымас жар болу деген жан дүниенің бір
бөлігін сүйікті адамыңа сыйлау деген сөз.*

А.

Сухомлинский.

Ананың балаға деген махаббаты шексіз. Ана мен бала бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Ана-бала, бала-ана бір ұғым,

Бір-бірінсіз жоқ олардың бақыты.

Омыртқаның үзбеу үшін жұлынын,

Екеуінің бірге өтсін уақыты, - деп ақындарымыз жырлағандай ана мен баланың өмірлері тікелей байланысты. Ананың өмірдегі қоғамдық орны, қадір-қасиеті ерекше. Анамызды біз құрметтеуге міндеттіміз. Анасыз адам- дүниедегі ең бақытсыз адам. Ана жылуын, махаббатын сезінбеген жан дүниеде қатал, мейірімсіз, тас жүрек болып келеді. Хазіреті пайғамбарымызға бір адам келіп:

-Мен зор күнә істедім. Енді мен үшін тәубе ету мүмкін бе?-деп сұрайды. Сонда пайғамбарымыз:

-Анаң бар ма?- дейді.

-Бар, - дейді әлгі адам.

- Онда анаңа қызмет көрсет,- деген екен.

Шынында да, адам өз күнәларын тек анасына қызмет етіп, жуып-шая алады. «Ананың аяғының астында жәннаттың кілім жатыр» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Анамызды ардақтап, сыйлап өтсек, жолымыз әрқашан да ашық, жарқын болады. Анамызды қадірлей білейік! Ақ жүзін мұң шалдырмайық!

**Назарларыңызға
рахмет!!!**

*Орындаған: Узембай
Салтанат
Гео 11-1*